

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ**

**ФАКУЛЬТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ**

**СБОРНИК**

**материалов международной научно-практической конференции  
«Актуальные проблемы международных отношений, права и экономики и  
поиск их решений в свете Стратегии «Казахстан - 2050»,  
посвященной 80-летию КазНУ им. аль-Фараби  
и 60-летию юбилею профессора К.Н. Шакирова**

**4 апреля 2014**

**Алматы, 2014**

УДК 378  
ББК 74.58  
М 11

Рекомендовано к изданию Ученым советом факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби

Под общей редакцией

академика, доктора технических наук, профессора, ректора КазНУ им. аль-Фараби Мутанова Г.М., доктора юридических наук, профессора, декана факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби Шакирова К.Н.

Редакционная коллегия:

доктор исторических наук, профессор К.И. Байзакова,  
кандидат исторических наук Нурдаuletова С.М.

М 11 Сборник материалов международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы международных отношений, права и экономики и поиск их решений в свете Стратегии «Казахстан - 2050», посвященной 80-летию КазНУ им. аль-Фараби и 60-летию юбилею профессора К.Н. Шакирова, 4 апреля 2014 г. / Под общей редакцией академика, д.т.н., профессора, ректора КазНУ им. аль-Фараби Г.М. Мутанова, д.ю.н., профессора, декана факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби Шакирова К.Н. – Алматы, 2014. – 334 с.

ISBN 978-9965-20-297-1

В данном сборнике представлены материалы международной научно-практической конференции, посвященной 80-летию КазНУ им. аль-Фараби и 60-летию юбилею профессора К.Н. Шакирова. В статьях сборника рассматриваются различные аспекты актуальных проблем современных международных отношений, вопросы решений правовых проблем, поиск решений проблем экономики в свете стратегии «Казахстан – 2050». Сборник предназначен для широкого круга читателей, специалистов по международным отношениям, праву, экономики.

Материалы международной научно-практической конференции опубликованы в редакции авторов.

УДК 378  
ББК 74.58

ISBN 978-9965-20-297-1

© КазНУ им. аль-Фараби, 2014

Пред  
Слов

Greg  
Fron  
Pier  
«Do  
mult  
Rou  
Real  
Seb:  
Faci  
Ака  
Вли  
Әбд  
Мы  
бас  
Әлі  
Қаз  
Баі  
Пр  
сол  
Баі  
Пр  
Ба  
Қа  
Го  
По  
Це  
Гу  
Еу  
Сс  
Дс  
Ос  
пр  
Дс  
Қа  
ре  
Ж  
И  
И  
К  
Х  
б  
К  
3

89	<b>Даркенбаев А.И.</b> «Қазақстан халқы» - конституциялық – құқықтық категория ретінде	169
93	<b>Досымбекова М.С.</b> К вопросу о внедрении информационных систем в деятельности таможенных органов Республики Казахстан	172
101	<b>Ерджанов Т.</b> Соотношение частных и публичных интересов в контексте Европейской конвенции о защите прав человека и основных свобод	178
105	<b>Жунисов Ж.С.</b> Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Парламентаралық Ассамблеясының заңнамаларды жақындастырудағы ролі	180
109	<b>Ибрагимов Ж.И.</b> Қазақстан-2050 стратегиясы ауқымында құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері және болашағы	183
114	<b>Караев А.А.</b> Общепризнанные нормы и принципы международного права в практике конституционного контроля: некоторые вопросы	188
117	<b>Машимбаева Г.А.</b> Выполнение консульских функций от имени третьего государства	194
120	<b>Нурдаuletова Л.М., Беков К.Б.</b> Кибертерроризм: глобальная угроза современности	198
123	<b>Сайрамбаева Ж. Т.</b> Регулирование деятельности транснациональных корпораций в рамках Содружества Независимых государств	201
127	<b>Татаринова Л.Ф., Татаринов Д.В.</b> К вопросу об определении объекта преступлений в сфере компьютерных технологий	205
129	<b>Түменбаев С.Ә., Серім Ғ.Ө.</b> Азаматтық құқықтық жауапкершілікке тартуда кінәні анықтаудың келелі мәселелері	210
134	<b>Тусупова А.Ж.</b> Международный договор в системе источников конституционного права	213
	<b>Шакиров К.Н.</b> О приоритетах развития правоохранительной системы современного Казахстана	219
	<b>Шакиров К.Н.</b> О правовом статусе граждан Казахстана и России при назначении и производстве судебных экспертиз (сравнительно-правовой анализ)	224
138		
141	<b>ПОИСК РЕШЕНИЙ ПРОБЛЕМ ЭКОНОМИКИ В СВЕТЕ СТРАТЕГИИ «КАЗАХСТАН – 2050»</b>	
144	<b>Алипқызы Р.</b> Тенденции и проблемы инновационного развития Республики Казахстан	228
147	<b>Альжанова Н.Ш.</b> Анализ стратегических перспектив и проблем Таможенного союза	231
151	<b>Арупов А.А., Абайдуллаева М.М.</b> Стратегия «Казахстан – 2050» и участие Казахстана в региональных и глобальных интеграционных объединениях	235
155	<b>Аубакирова Ж.Я., Арбашиева А.Д.</b> Процессы глобализации и их влияние на экономику Казахстана	243
158	<b>Байгісіев М.К.</b> Экономикалық өсудің факторлары және модельдері	247
164	<b>Елемесов Р. Е., Аблаева Н. М. Ж.</b> ЕО энергетикалық саясатының қайшылықтары мен мәселелері	252
	<b>Ермекбаева Б.</b> Роль налогов в интеграции экономики Казахстана в глобальную экономическую систему	255

ной значимости  
гарантирована  
в том числе и  
ты 4 ничего не  
ю социальной  
да может быть  
е на заявителя

ой модели прав  
тересов. И эта  
бод, но и тех,

Жунисов Ж.С.

## ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ РОЛІ

екі нысаны  
екеттердің өз  
лық шарттар  
ір мемлекет,  
н нормаларға

на жататын  
корпоративті  
онизациялау  
есі аясында)

не жағымсыз  
тымақтастық  
-техникалық  
еграция кей  
жоғалуына,  
[1, 313 б.].

ауымдастық  
ономикалық,

ономикалық  
зациялауды  
және тағы  
Ол жерде  
селешегі де

ажет. Оны  
е асырушы  
ея Беларус  
едерациясы  
анитарлық  
ментаралық  
шешімдері

Ассамблея мәжілісіне қатысушылардың үштен екісінің даусымен қабылданады, ал процедуралық мәселелер бойынша жай көпшілік дауыспен қабылданады.

Парламентаралық Ассамблея қызметін осы Ассамблеяның Бюросы жүзеге асырады. Парламентаралық Ассамблея мен Ассамблея Бюросының тұрақты атқарушы органы Парламентаралық Ассамблея Хатшылығы болып табылады [2, 103 б.].

ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясында алты тұрақты комиссия әрекет етеді:

- құқықтық мәселелер бойынша комиссия;
- экономикалық саясат бойынша комиссия;
- кедендік реттеу және шекаралық саясат бойынша комиссия;
- сауда саясаты және халықаралық ынтымақтастық бойынша комиссия;
- ауылшаруашылық саясат, табиғи қорларды пайдалану және экология бойынша комиссия;
- әлеуметтік саясат бойынша комиссия.

Еуразиялық Экономикалық Қауымдастықты құру туралы Шарттың 7-бабы Парламентаралық Ассамблеяны «Келісуші Тараптардың ұлттық заңнамаларын гармонизациялау (жақындастыру, унификациялау) мәселелерін қарастыратын және Қауымдастық міндеттерін жүзеге асыру мақсатында ЕурАзЭҚ шеңберінде жасалған шарттарға сәйкестендіруші парламенттік ынтымақтастық органы ретінде анықтайды» [3].

Экономикалық одақ құру мақсатында біріккен мемлекеттер заңнамаларын гармонизациялауға қатысты халықаралық тәжірибелер ескеріле отырып Парламентаралық Ассамблеяда Еуразиялық Экономикалық Қауымдастықтың заңнамалары Негізін дайындау мен қабылдау қажеттілігі мәселелері талқылауға түседі.

ЕурАзЭҚ мемлекеттерінің жалпы құқықтық жүйесінің бір бөлігі ретінде жалпы заңнаманы қалыптастырудың алғашқы қадамы болып 2004 жылғы 18 маусымдағы «Еуразиялық Экономикалық Қауымдастық заңнамаларының негіздерінің мәртебесі, оларды дайындау, қабылдау және жүзеге асыру тәртібі туралы» Шартты атап өткеніміз жөн [4].

Жоғарыда аталған Шартқа сәйкес ЕурАзЭҚ мемлекеттерінің заңнамаларын гармонизациялау бойынша жұмыстар интеграциялық үрдістердің дамуын талдау және жинақтау, құқықтық қатынастың тиісті салаларындағы құқықтық реттеу тетіктерін оңтайландыру мен унификациялау бойынша ұсыныстарды дайындау және құқықтық регламентацияның қажеттілігін анықтауды қамтиды.

Келесі қадам ретінде Тараптардың ұлттық заңнамалары мен басқа да нормативтік құқықтық актілеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жасауды айтып өтуге болады. ЕурАзЭҚ шегінде қабылданған халықаралық шарттар бойынша Тараптардың міндеттемелерді және ЕурАзЭҚ органдары шешімдерін орындау барысы қарастырылады. ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитеті жанындағы кеңестер мен комиссиялардың, Парламентаралық Ассамблеяның тұрақты комиссияларының заң жобаларына қатысты ұсыныстары талқыланады.

Жұмысшы топтар жоба бойынша өз нұсқаларын ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетіне, Парламентаралық Ассамблеясына, Тараптардың үкіметтеріне қарастыру үшін ұсынылады. Барлық өзгерістер мен ұсыныстар қамтылған соң Жоба ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесіне мемлекет басшылары деңгейінде қарастыру мен қабылдауға ұсынылады.

Парламентаралық Ассамблеяның типтік жобалары нақты ұлттық заңнамаларды дайындауда қолдануға арналған, сондай ақ бұндай жобалар ұсынылмалы сипатқа ие болады және бекітілген заңшығармашылық процедураларға сәйкес ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттердің ұлттық заңнамаларына имплементацияланады [4].

ЕурАзЭҚ органдарының сыртқы регламенттеуге қатысты барлық шешімдері заңи күші бойынша келесідей екі топқа бөлінеді:

- ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттердің ұлттық заңнамаларына имплементация-лануға жататын нормаларды қамтитын міндетті актілер;
- ұсынылмалы сипатқа ие болатын актілер.

Бірінші топтағы актілерге ЕурАзЭҚ мақсаттарын тікелей жүзеге асыру мәселелері бойынша Мемлекетаралық Кеңес шешімдері жатады. Бұл шешімдер барлық мүше-мемлекеттердің қатысуымен дайындалады және Мемлекетаралық Кеңеспен қабылданған соң ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттердің ұлттық заңнамаларына имплементацияланады. Имплементациялануға жататын ЕурАзЭҚ құқықтық актілерінің міндеттілігі мүше-мемлекеттердің ұлттық нормативтік

құқықтық актілерді қабылдау арқылы анықталады.

Екінші топтағы, яғни ұсынылмалы сипаттағы актілерге мыналар жатады:

- Парламентаралық Ассамблея қабылдайтын типтік жобалар;  
- Парламентаралық Ассамблеяның мүше-мемлекеттердің парламенттеріне жіберетін ұсыныстары;

- Интеграциялық Комитеттің мүше-мемлекеттердің үкіметтеріне жіберетін ұсыныстары;

- Қауымдастық Соты шешімдері, түсініктемелері және қорытындылары [5].

ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттер жоғарыда аталған актілерді құқыққолданушылық және заңшығармашылық тәжірибеде қолданылу қажеттілігін жеке мүдделері мен өз еріктеріне сүйеніп отырып анықтайды.

Қазақстан Республикасы Парламенті заңнамалық базаны жетілдіру мақсатында заң жобаларын қарастыру кезінде ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының нормативтік құқықтық актілерін (типтік жобалары, ұсыныстары мен Үлгілік заңдарын) белсенді түрде зерттейді, талдайды және қолданылады. ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының ондай актілеріне және олардың ережелеріне келесілерді жатқызуға болады:

- «Экспорттық бақылаудың негізгі қағидалары» Үлгілік заңының негізгі қағидалары;

- «Сыртқы экономикалық қызмет негіздері туралы» Үлгілік заңы (Парламентаралық Ассамблеяның 4 сәуір 1999 жылғы № 8-12 қаулысымен бекітілген);

- ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттердің бюджеттік заңнамалары Негізінің Коопциясының анықталған біртұтас қағидалар;

- ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттердің кедендік заңнамалары Негізінің Коопциясы (Парламентаралық Ассамблея бюросының 16 маусым 2003 жылғы қаулысымен қабылданған) [6];

- ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттердің валюталық реттеу аясындағы заңнамаларының гармонизациялау бойынша Ұсыныстары (Халықаралық валюталық қор құжаттарын есепке алып отырып ұлттық заңнамаларға салыстырмалы талдау жүргізу негізінде) [7];

- «Көлік қызметінің негіздері туралы» Үлгілік заңының негізгі ережелері;

- ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттердің зейнеке жүйесін ұйымдастырудың заңнамалық шарттарын гармонизациялау бойынша Ұсыныстары [8].

- Парламентаралық Ассамблеяның 12 маусым 2000 жылғы № 10-16 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік туризм туралы» Үлгілік заңы және тағы басқаларын атап өтуге болады.

Жоғарыда аталған мәселелерді қарастыра отырып келесідей қорытындылар жасауға болады:

1. ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын гармонизациялаудың (жақындастыру, унификациялау) құқықтық негізі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде әзір басталып кеткенін байқауға болады. ТМД Парламентаралық Ассамблеясы заңнамалардың гармонизациялау бойынша халықаралық тәжірибені қолдана отырып Үлгілік заңдар мен ұсыныстарды дайындай бастады. Бұл құжаттар міндетті болып табылмайды, бірақ ТМД мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларын гармонизациялау мен унификациялауды қамтамасыз етудің негізі бола алады.

2. ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы 1996 жылғы 29 наурызда қабылданған «Экономикалық және гуманитарлық салалардағы тереңдетілген интеграция туралы» Шарты негізінде Парламентаралық Комитеттің ізбасары болып саналады.

Парламенттік ынтымақтастық органы болып саналатын ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы Парламентаралық Комитеттің келесі бағыттар бойынша ұлттық заңнамаларды гармонизациялау бойынша қызметін жалғастыруда:

- негізінде ұлттық заңнамалар қабылданатын Үлгілік (типтік) жобаларды дайындау;

- әртүрлі салалар бойынша заңнамаларды гармонизациялау бойынша Ұсыныстар дайындау;

- заңнамаларды гармонизациялаудың жаңа құралы ретінде құқықтық қатынастың базалық салаларына қатысты заңнамалық Негіздер дайындау.

3. ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының ұлттық заңнамаларды гармонизациялау бойынша шешімін орындау 10 қазан 2000 жылғы Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру туралы Шарттың 14 бабы бірінші бөлігіне негізделеді.

Әдебиеттер:

1. Тевелева В.Н. Интеграция правовых систем как форма сотрудничества государств //Управление в глобальных и экономических системах: материалы ХУП междунар. научн.-практ. конф., Минск, 2-6 июня 2008 г. – М.: МИУ, 2008.-С. 312-313.
2. Положение о Межпарламентской Ассамблее Евразийского экономического сообщества: Решение Государственного Совета ЕврАзЭС, 13 мая 2002 года, № 52 / Сборник базовых документов – М., 2010. – С. 10.
3. Договор об учреждении Евразийского экономического сообщества, 10 октября 2000 года // Евразийское экономическое сообщество [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.evrzases.com/docs/view/3>
4. Договор о статусе Основ законодательства Евразийского экономического сообщества, порядке их разработки, принятия и реализации, 18 июня 2004 года // Евразийское экономическое сообщество [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.evrzases.com/docs/view/55>
5. Мансуров Т. Развитие Казахстана и евразийская интеграция / Т. Мансуров // Казахстанская правда [Электронный ресурс]. – 01.03.2011. – Режим доступа: <http://www.kazpravda.kz/c/1298933554>
6. Концепция Основ таможенного законодательства государств-членов ЕврАзЭС: Постановление Бюро Межпарламентской ассамблеи ЕврАзЭС, 16 июня 2003, № 5 // Межпарламентская ассамблея Евразийского экономического сообщества [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.ipaeurasec.org/docsdown/base-om.pdf>
7. Предложения по гармонизации законодательств государств-членов ЕврАзЭС в сфере валютного регулирования (на основе сравнительно-правового анализа национальных законодательств и с учетом документов Международного валютного фонда): Постановление Бюро Межпарламентской ассамблеи ЕврАзЭС, 14 ноября 2003 года, № 15 // Межпарламентская ассамблея Евразийского экономического сообщества [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://www.ipaeurasec.org/docsdown/predl\\_valuta.pdf](http://www.ipaeurasec.org/docsdown/predl_valuta.pdf)
8. Рекомендации по гармонизации законодательных условий функционирования пенсионных систем государств-членов ЕврАзЭС: Постановление Бюро Межпарламентской ассамблеи ЕврАзЭС, 8 октября 2004 года, № 11 // Межпарламентская ассамблея Евразийского экономического сообщества [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://www.ipaeurasec.org/docsdown/Rec\\_Pens\\_system.pdf](http://www.ipaeurasec.org/docsdown/Rec_Pens_system.pdf)

Ибрагимов Ж.И.

**ҚАЗАҚСТАН-2050 СТРАТЕГИЯСЫ АУҚЫМЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ**

Біздің еліміз бен қоғамымыз алданыда тұрған әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылуында нақты міндеттер тұр. Сол міндеттерді заң жүзінде және нақты шешімдерге айналдыру үшін барлық азаматтардың белсенділігі қажет. Ондай белсенділікке біз құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті көтеру арқылы қол жеткізе аламыз.

Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие әрбір азаматтың шығатасуының, өсіп-жетілуінің басты қағидасына айналуға тиіс. Құқықтық сана дегеніміз — заңның қолданыстағы немесе қабылданатын құқық нормаларына деген көзқарастары мен қызығушылығымен, оларға тиісінше баға беру мүмкіндіктерінің жиынтығы [1, С. 10]. Бұдан құқықтық мәдениеттің негізінен құқықтық психология және идея жиынтығының құралатынын көреміз. Құқықтық психология қолданыстағы құқық нормаларын жетілдіруге, жаңа құқықтық нормаларды қабылдау қажеттілігінің деңгейін, сезімін білдірсе, құқықтық идея құқықтық мәдениеттің өз дәрежесіне көтерілуінің нәтижесінде адам, қоғам, мемлекет мүддесі үшін қажетті құқық нормаларының қабылдану қажеттілігін білдіреді.

Құқықтық сана-сезімнің басты мақсаты—адам, азамат, қоғам мүддесіне сәйкес келетін, азаматтың мүдделерін қанағаттандыратын құқықтық нормаларды ортақ игілік үшін қабылдау қажеттілігінің негізгі бастамашысы болып табылатындығында. Құқықтық мәдениет болса, құқық нормаларын білу, толық түсіну, оларды басшылыққа ала отырып адамзаттың ортақ мүддесіне қызмет етуді білдіреді.

Құқықтық мәдениет құқықтық сана-сезіммен тығыз байланысты және содан негіз алып құқықтық мәдениеттің ерекшелігін, дәрежесін білдіреді. Субъектінің өзінің іс-әрекетінде құқық нормаларын басшылыққа алуы оның құқықтық мәдениетінің ерекшелігін, дәрежесін білдіреді.

Қазіргі заман адамдарға жаңа талаптар қоюымен ерекшеленеді, себебі Қазақстанның даму деңгейі қоғам өмірінің барлық саласына терең өзгерістер енгізуде. Елеулі өзгерістердің бірі — демократиялық құқықтық мемлекет құру. Сол себептен қазіргі заман адамы сана-сезімі жоғары,